



UNIVERSITY OF CAMBRIDGE INTERNATIONAL EXAMINATIONS  
International General Certificate of Secondary Education

---

**KAZAKH AS A SECOND LANGUAGE**

**0532/02**

Paper 2 Listening

**For Examination from 2011**

SPECIMEN TAPE SCRIPT

**Approx. 35–45 minutes**

---

---

This document consists of **6** printed pages.



**R:** 1-ші жаттығу, 1–6-ға дейін сұрақтар

1–6-ға дейін сұрақтарға жауап беру үшін қысқа диалогтар тыңдайсыз. Әр сұраққа төменде сызылған жерге қысқаша жауап беріңіз.

Әр сұхбатты екі рет тыңдайсыз.

**R:** 1-ші сұрақ.

Айбек сенбі күні кешке болатын футбол матчына неге қатынаспайды?

**F:** \*Сәлем, Айбек! Мынау сенбі күні футбол ойнайтын командалар тізімі.

**M:** Қап өттеген-ай, мен ойнай алмаймын. Мен біздің колледждің жүзу жарысына қатысамын.\*\*

*Pause 00'10"*

*Repeat from \* to \*\*.*

*Pause 00'05"*

**R:** 2-ші сұрақ.

Арман буфеттен не ішуді қалады?

**F:** \*Анау күріш тамағы өте дәмді көрінеді? Арман сен не жеп, не ішесің?

**M:** Сол күріш тамағын және бір шыны қара шай. Жоқ, көк шай. Жоқ, бір стакан миуа сусынын алайыншы.\*\*

*Pause 00'10"*

*Repeat from \* to \*\*.*

*Pause 00'05"*

**R:** 3-ші сұрақ.

Назгүл самса алуға келді. Қандай самса сатып алды?

**F:** Сәлеметсіз бе? Мен самса алмақшы едім.

**M:** Қандай самса алғыңыз келеді? Бізде тауықтың, қойдың, сиырдың етімен жасалған және ірімшік, картоп қосылған самса бар.

**F:** Тауық және картоп қосылғанын беріңізші.

**M:** Мінекей, алыңыз. Ас болсын!\*\*

*Pause 00'10"*

*Repeat from \* to \*\*.*

*Pause 00'05"*

**R:** 4-ші сұрақ.

Қаныбек пен әжесі серуендеуге қашан шықпақшы болды? Неге?

**M:** \*Сағат 11 болыпты. Бүгін серуендеуге шықпаймыз ба?

**F:** Газеттерде ауа райы бұзылады дейді. Түстен кейін жаңбыр жауып, тұман түседі екен. Жаңбырдың астында қалмау үшін, дайындалып, 15 минуттан кейін шығайық.\*\*

*Pause 00'10"*

*Repeat from \* to \*\*.*

*Pause 00'05"*

**R:** 5-ші сұрақ.

Ануар мен Алуаның тоқтап тамақ ішетін жақын арадағы аялдамаға қанша шақырым қалды?

**F:** \* Ануар, бір жерге тоқтап, тамақ ішейікші, қарным ашып кетті.

**M:** Жарайды, Алуа, бірақ автотрассада тоқтауға болмайды. Келесі сервис аялдамасына тоқтайық.

**F:** Мақұл. Ана жерде бір белгі тұр. Сервис аялдамалары: Оңтүстікке қарай 48 шақырым, солтүстікке қарай 12 шақырым. Аз қалыпты, жақындадық.\*\*

*Pause 00'10"*

*Repeat from \* to \*\*.*

*Pause 00'05"*

**R:** 6-ші сұрақ.

Ахмет кітапханаға қалай барады?

**M:** \* Ғафу етіңіз, кітапханаға қалай баруға болады? Маған айтқаны Абай көшесінен солға бұрылғанда, Мемлекеттік Университетінің ғимаратынан кейінгі екінші үй.

**F:** Жоқ, былай барған тезірек болады. Мына көшеден оңға бұрыласыз, сол жерде «кітапхана» деген белгіні көресіз.

**M:** Рахмет.\*\*

*Pause 00'10"*

*Repeat from \* to \*\*.*

*Pause 00'05"*

**R:** Біраздан кейін 2-ші жаттығуды тағыда тыңдайсыз. Қазір сол жаттығудың сұрақтарына назар аударыңыз.

*Pause 00'40"*

**R** 2-ші жаттығу, 7-ші сұрақ

Сұхбатты тыңдап дүние жүзінің жылынуы Антарктикаға қандай зиян әкелетінін тыңдап, сызылған бос жерді толтырыңыз.

Бұл сұхбатты екі рет тыңдайсыз.

**M:** \*Сәлеметсіз бе? Бүгін біздер дүние жүзінің жылынуы Антарктикаға қандай зиян әкелетінін талқылаймыз. Антарктика - шетсіз және мұз бен қар толған Оңтүстік жиектегі жер. Ол жерге экспедициялар және ғылыми зерттеушілер жиі баратынын естиміз. Егер дүние жылына берсе Антарктиканың беті өзгеру қатері бар. Женни Маклауд, қоршаған ортаны қорғау маманы, бүгін студиямызда қонақта. Маклауд ханым, шынымен жағдай осындай жаман ба?

- F:** Иә, ол солай. Жүз жылдан кейін Антарктика танымайтындай өзгереді.
- M:** Қалайша танымайтындай?
- F:** Мен үш мысал келтірейін. Мұз еріп, басқа құрылық пайда болады. Салқын ауа райын іздеп пингвиндер оңтүстікке мекен ауыстырады және Антарктиканың тастарында жасыл өсімдіктер есе бастайды.
- M:** Олай болса, енді ол мұз бен қардың жері деп айтуға болмайды ғой.
- F:** Әрине. Дүние жүзінің үш жері жылыну құбылысына өте жылдам душар болып тұр. Сол жердің біреуі Антарктика. Климат өзгеруде, бірақ жылыну құбылысы өте тез болып жатқандықтан, табиғатқа үлкен зиян келеді.
- M:** Теңіз де жылынады ма?
- F:** Иә, оңтүстік мұхит жылынады. Антарктикада мұз азаяды және мұз тастар құлай бастайды. Сіз білесіз бе? Зерттеушілер қазірдің өзінде жасыл өсімдіктердің бес-он есе көбейгенін хабарлайды.
- M:** Бұл мәселе хайуандарға қандай әсер келтіреді?
- F:** Мен пингвиндерді айтып кеттім, ал ит балықтар мен киттер де балаларын өсіретін жерлерін өзгертеді.
- M:** Пингвиндер неге мекенін ауыстырады?
- F:** Жылы ауа көп қар жауғызады. Пингвиндер терең қарда ұяларын жасай алмайды. Пингвиндер ұрпағын өсіретін жерді өте ұқыпты таңдайды. Тамақтану үшін пингвиндер мұздың шетінде өмір сүруі керек, мұздың құрылысы оларға тамақтануға да, кішкене ұрпақтарын өсіруге де маңызды.
- M:** Дүние жүзінің жылынуы адам баласының ісі ме?
- F:** Бір жағынан біз ауа райының жылынуына себепшіміз. Оңтүстік мұхитты жауапсыз қолданып зақым келтіріп жатырмыз.
- M:** Ол жерде балық ауланатынын айтып отырсыз ба?
- F:** Иә, ол жерде екі жүз жыл бойы кит және балық аулаушылар торауылдап жүр, енді міне оларға туристер қосылып жатыр.
- M:** Туристер?
- F:** Иә, былтыр он үш жарым мың турист ол жерге барып табиғатты мазалады.
- M:** Сонда біздің тыңдаушыларымыз Антарктика мәселесіне қандай көмек көрсете алады?
- F:** Ол жерден қашық тұрып, Антарктиканың жағдайын интернеттен тексеріп, әлемге жария етуі қажет. \*\*
- Pause 00'50"*
- R:** Бұл сұхбатты тағы да тыңдайсыз.

Repeat from \* to \*\*.  
Pause 00'50"

**R: Біраздан кейін 3-ші жаттығуды тағыда тыңдайсыз. Қазір сол жаттығудың сұрақтарына назар аударыңыз.**

Pause 00'50"

**R: 3-ші жаттығу, 8-13-ке дейін сұрақтар**

Томирис Мәжит қызының әңгімесін тыңдап, берілген сөйлемдердің қайсысы дұрыс, қайсысы қате екенін екінші бетке жазыңыз. Әңгімені екі рет тыңдайсыз.

**For M:**

\*Мен Томирис Мәжит қызы – қазақ эстрадасының әншісімін. Мен Оңтүстік Қазақстан облысы, Жетісай қаласында туып өскенмін, орта мектепте орысша оқыдым. 1987-1989-шы жылдары Алматыда Жүсіпбек Елебеков атындағы эстрада-цирк училищесін бітірдім.

Ұстазым сол кезде қазақ эстардасының көрнекті өкілдерінің бірі, Қазақстанның Еңбек сіңірген әншісі Люция Төлешова болды. Люция Төлешовна бізге өнердің негізін үйретумен бірге, әншінің ел алдында өзін қалай ұстауды, киімді қалай таңдауды, өнер атты үлкен әлемнің ішкі жағдайында өзіңді жоғалтып алмай, өнеріңді де төмендетпей қалай қызмет етуді үйретті.

Студияны бітіргеннен кейін жастардың республикалық «Жігер» фестиваліне қатынасып лауреат атандым. Жолдамамен «Гүлдер» ансамбліне жұмысқа орналастым. Ол кезде іріктеу өте қатал болатын.

Алматы облыстық филармониясында, «Қазақконцерт» бірлестігінде, «Сазген» ансамблінде жұмыс істеген кездерімде менің эстрада студиясында оқығаным, «Гүлдер» ансамблінде істеген жылдарда алған тәжірибемнің көп көмегі тиді. Тіпті қазіргі нарық кезеңінде де сол көмекті көріп келемін. Ол кезде шын мәнінде әуелі жұмыс істелінетін. Әнші композитормен, оркестрмен, автормен бірігіп жұмыс істейтін. Келіспейтін жерлер болса сол дайындық жұмыс кезінде анықталатын.

Үлкен сахнаға шыққаным 15 жыл болды. Өнер адамына қай кезде де қауымның қошеметі керек. Ол үшін сол қауымға өзіңді көрсететін жағдайың болу керек. Қазір бәрі қаржыға тіреледі.

Қазір оркестрмен жұмыс жасау үшін сағатына пәленбай мың теңге төлеуің керек, Симфониялық оркестрде 20-30 адам болады, соның әрқайсысымен келісуің керек.

Ондай қаржы кезкелген әншіде жоқ. Сондықтан одан-бұдан құрап бір-екі клип түсіріп алсаң, соны жұрт қабылдаса ғана таныласың. Мен бірінші рет 1994 жылы сахнаға амалсыздан фонограммамен шықтым. Себебі бұрынғы жағдай жоқ, костюмің, репертуарың деп отырған мекемелердің бәрі өзді-өзі болып кетті. Не бірдеңе етіп әрекет ету, не сахнаны қойып үйде отыру керек болды. Нарыққа қарай тырбынып көрдік.\*\*

Pause 00'30"

**R: Қазір әңгімені тағы да тыңдайсыз.**

Repeat from \* to \*\*.  
Pause 00'30"

**R: Біраздан кейін 4-ші жаттығуды тыңдайсыз. Қазір сұрақтарға назар аударыңыз.**

*Pause 1 minute*

**R:** 4-ші сұрақ, 14-23-ке дейін сұрақтар

Уолт Дисней туралы әңгімені тыңдап сұрақтарға жауап беріңіз. Әңгімені екі рет тыңдайсыз.

**For M:**

Әлемге әйгілі Микки Маус пен кішкене үйрек Дональдты ойлап тапқан суреткер Уолт Дисней екенін білмейтін адам кемде-кем. Дисней жеке киностудия ашып, көптеген мультфильмдер жасап және «Диснейленд» деген балаларға арналған қызыққа толы ойын паркін ойлап тапқан. Оның қойған мультфильмдері 26 рет «Оскар» сыйлығына ие болған. Алғаш рет дыбысты, әрі түрлі-түсті фильмді ойлап табуда да Диснейдің үлесі бар. Тіпті ол тұңғыш рет кең форматты анимациялық фильмді де түсірген. Оның шығармашылық дарынының аса кемел болғандығынан шығар, есімі Аристотельмен, Моцартпен, Леонардо да Винчиден қатар аталады. Кішкентай Уолт өте кедей, көп балалы жанұяда өсіпті. Кедейлік тауқыметін тартқаны соншалықты әкелері қатты ауырғанда, балалары да біз де ауырсақ қой деп армандаған. Балалық-ай десеңші, сондағы арманы бір жұтым апельсин шырынын ішу. Уолт сегіз жасынан бастап жұмысқа араласқан. Иелеріне уақытында жеткізу үшін таңғы сағат төрттен почтадан газет тасыды. Олар Канзас-Сити деген қалашықта тұрыпты. Үлкен қоршаумен қоршалған, баққа оранған, фонтаны бар бір байдың әдемі үйіне балалардың бәрі қызыға қарайды екен. Уолт та сол үйге қатты қызығып, ішіне кіріп, көзінің қиығымен бір көруді армандап, тіпті шарбаққа талай рет шығып, жолы болмапты. Ол: «Есейгенде баққа оранған осындай үлкен үй салам, балалар ойнайтын паркі болады» деп серт беріпті. Сол арманының орындалғанын бәріміз білеміз. Ол 22 жасында Голливудты бағындыруды мақсат етеді. Ол көп ойларын, қиялға толы идеяларын көптеген студияларға айтып көреді, бірақ оған «келе ғой», - деп ешкім құшағын аша қоймайды. Содан ол алғашқы студиясын туысының автотұрағында «ақшасын кейін берем» деп бастаған.

Оның ең алғашқы туындысы – «Ақшақар қыз бен жеті гном», ойламаған жерден Венецияда өткен кинофестивалда Гранприді жеңіп алып, оның бағы ашылған.

Дисней жан-жануарларды салғанды ұнатып, олардың мінездерін де айнытпай суретпен көрсеткен. Әрбір бала мультфильмнен өзін көріп отырғандай болады.

Фильміне музыканы да, дыбысты да өзі таңдаған. Ол атақты Микки Маус тышқанды ойлап тауып, кейіпкерін өз даусымен сөйлетіп, бүкіл дүние жүзінің балаларына сыйлаған. Кейде ол Микки Маусқа өкпелейді екен, - «Оны жұрттың бәрі біледі, ал мені көп ел білмейді», - деп.

Диснейдің бұл дүниеден өткеніне 20 жылдан асса да, оның студиясы әлі жұмыс үстінде. Оның орындалмаған армандарын жүзеге асыруда. Оның соңында қалған арман-ойлары әлі таусылар емес.

*Pause 1 minute*

**R:** Қазір әңгімені тағы да тыңдайсыз.

Repeat from \* to \*\*.

*Pause 1 minute*

**R:** Бұл тесттің соңы. Жазуды тоқтатыңыз.